

## Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытууды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 5-2/671 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 6 қаңтарда № 10198 тіркелді.

"АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытууды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.06.2021 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытууды субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Экономикалық интеграция және аграрлық азық-түлік нарығы департаменті осы бүйрықтың заннамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат қуралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

2014 жылғы 15 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

Е. Досаев

2015 жылғы 6 қаңтар

Ауыл шаруашылығы  
министрінің  
2014 жылғы 15 желтоқсандағы  
№ 5-2/671 бұйрығымен  
бекітілген

## Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 15.06.2021 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы зан) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау тәртібін, сондай-ақ "Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қафидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге отініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған занды тұлға;

2) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;

3) органикалық өнім – "Органикалық өнім өндіру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес өндірілген ауыл шаруашылығы өнімі, акваөсіру және балық аулау өнімі, жабайы өсетін өсімдіктерден алынған өнім және оларды қайта өндеу өнімдері, оның ішінде тамақ өнімі;

4) органикалық өнім өндіруші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) – органикалық өнімді әзірлеу (жасау), өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;

5) органикалық өнім өндіру – Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасында көзделген әдістер мен тәсілдерге сәйкес келетін, нәтижесі органикалық өнім болып табылатын қызмет түрлерінің жиынтығы;

6) сәйкестік сертификаты – техникалық реттеу объектілерінің техникалық регламенттерде және (немесе) стандарттау жөніндегі құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін күәландыратын құжат;

7) сәйкестікті растау жөніндегі орган – сәйкестікті растау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

8) "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзі – мемлекеттік органдардың бірынғай көліктік ортасында тұрған ақпараттық жүйелердің мемлекеттік органдардың бірынғай көліктік ортасынан тыс тұрған ақпараттық жүйелермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге арналған "электрондық үкімет" шлюзінің кіші жүйесі.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 29.02.2024 № 81 (алғашқы ресми жарияланған кунінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

## **2-тарау. Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуға субсидияны алу тәртібі**

3. Субсидияларды беру үшін көрсетілетін қызметті беруші тұрақты комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Комиссия құрамы төрағадан және комиссия мүшелерінен тұрады. Жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министрі комиссия төрағасы болып табылады.

Комиссия құрамы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің немесе оның міндеттерін атқаратын адамның бүйрығымен бекітіледі.

Комиссия құрамына көрсетілетін қызметті берушінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді. Комиссияның құрамы кемінде бес адам.

4. Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтініш.

"Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған;

2) органикалық өнімді растауға арналған сәйкестік сертификатының көшірмесі.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттар анықталған кезде, Мемлекеттік корпорация жұмыскері өтінішті қабылдаудан

бас тартады және осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама береді.

Қабылданған құжаттарды Мемлекеттік корпорация жұмыскері Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 52 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13248 болып тіркелген) бекітілген "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы қызметінің қағидаларына сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік корпорация көру және (немесе) есту қабілеті бұзылған адамдар үшін мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы көрсетілетін қызметті алушылардың қолжетімді нысанда хабардар болуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге кедергісіз тең қол жеткізу бойынша қызмет көрсету шараларын қабылдайды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.10.2022 № 319 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

5. Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен құжаттар топтамасын тіркеуді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері олар келіп түскен күні жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жауапты орындаушыны тағайындау үшін береді.

6. Көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларында белгіленген тәртіппен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

7. Көрсетілетін қызметті беруші тиісті жылға арналған республикалық бюджет бекітілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушінің [www.gov.kz](http://www.gov.kz) ресми интернет-ресурсында субсидиялауға арналған құжаттарды қабылдаудың басталуы мен аяқталуы туралы ақпаратты орналастырады, сондай-ақ субсидиялау туралы тиісті ақпаратты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына, Мемлекеттік корпорацияға, қоғамдық бірлестіктер мен консалтингтік компанияларға жібереді.

Өтініштерді қабылдау тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап 1 желтоқсанына дейін (қоса алғанда) жүзеге асырылады.

8. Комиссия өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттардың мынадай шарттарға сәйкестігін қарастырады:

1) көрсетілетін қызметті алушының сәйкестікті растау жөніндегі орган субсидиялауға арналған өтініш берілген күннің алдындағы алты айдан ерте емес берген органикалық өнім өндіруге қойылатын талаптарға сәйкестік сертификатын растауы;

2) көрсетілетін қызметті алушының "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы электрондық шот-фактураларды қабылдау және өндеу жөніндегі ақпараттық жүйеден көрсетілетін қызметтерді алғанын растауы (жеткізушінің органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін сертификаттау туралы тиісті электрондық шот-фактурасының болуы);

3) органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау кезінде келтірілген шығындарды өтеу үшін ағымдағы жылы субсидиялар төлемдерінің болмауы.

Құжаттарды қарау қорытындысы бойынша Комиссия көрсетілетін қызметті алушының осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шарттарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы шешім қабылдайды. Комиссия шешімі хаттама түрінде ресімделеді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.10.2022 № 319 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

9. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындау туралы хабарламаны ресімдейді және оның Мемлекеттік корпорацияға жіберілуін қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші субсидиялар төлеуге арналған ведомость бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлем шотын аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынады.

Субсидиялар көлемі тиісті айға арналған қаржыландыру жоспарында көзделген бюджет қаражатының көлемінен асатын субсидиялауға арналған өтініштер бойынша субсидияларды төлеу субсидиялауға арналған өтініш берілген сәттен бастап кезектілік тәртібімен келесі айда жүзеге асырылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.10.2022 № 319 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

9-1. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұсынымын білдіру мүмкіндігі үшін мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдалым өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдалым туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдалымды көрсетілетін қызметті беруші хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

Тыңдалым ресімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік ресімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының тыңдалымға ұсынған құжаттарын қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидия тағайындау туралы хабарламаны не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тартуды ресімдейді және оның Мемлекеттік корпорацияға жіберілуін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. Қағида 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.10.2022 № 319 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он қүн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Республикалық бюджеттен төленетін қаражат сомасы көрсетілетін қызметті алушының органикалық өнім өндіруге арналған сәйкестік сертификатының барлық құнынан шығындардың 50 (елу) пайзының құрайды.

11. Органикалық өнім өндіруге 1 (бір) сәйкестік сертификатын алу кезінде шеккен шығындар бойынша өтеу лимиті ағымдағы қаржы жылында 400 (төрт жүз) айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

12. Субсидияларды бөлу субсидиялауға арналған өтініштерді беру кезектілігінің тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

13. Шығындардың бір бөлігін өтеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі. Шетелдік валютада жұмсалған шығындарды қайта есептеу көрсетілетін қызметтерге төлеу үшін төлемді аудару қунінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюта бағамы бойынша жүзеге асырылады.

**3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі.**

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушіге, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

ҚР ӘРПК 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен қунінен бастап 3 (үш) жұмыс қунінен кешіктірмей шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік орган және (немесе) лауазымды адам) жібереді. Қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші 3 (үш) жұмыс қуні ішінде шағымды қарайтын органға (жоғары тұрған әкімшілік орган және (немесе) лауазымды адам) шағымды жібермеуге құқылышы.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.10.2022 № 319 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңының 25-бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуге қатысты қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезде шағымдарды қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

17. Егер заңда өзгеше көзделмесе, ҚР ӘРПК 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 10.10.2022 № 319 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ауыл шаруашылығы өнімін  
өндіруді басқару жүйелерін  
дамытуды субсидиялау  
қагидаларына  
1-қосымша  
Нысан

### **Субсидиялауға арналған өтініш**

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

---

(занды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның аты, экесінің аты (бар болса), тегі)

Маған ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамыту үшін  
органикалық өнім өндіру жөніндегі сәйкестік сертификатын раставуға \_\_\_\_\_  
тәнге сомасында субсидия төлеуді  
сұраймын.

(сомасы цифрлармен және жазбаша)

1. Отініш беруші туралы мәліметтер:

занды тұлға үшін:

атауы \_\_\_\_\_

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) \_\_\_\_\_

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

мекенжайы: \_\_\_\_\_

телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_

электрондық почтасы \_\_\_\_\_

жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) \_\_\_\_\_

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі \_\_\_\_\_

кім берді \_\_\_\_\_

берілген күні \_\_\_\_\_

мекенжайы: \_\_\_\_\_

телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_

электрондық почтасы \_\_\_\_\_

Дара кәсіпкер ретінде қызметін бастағаны туралы хабарлама – жеке тұлға үшін:

орналасқан жері \_\_\_\_\_

хабардар етілген күн \_\_\_\_\_

2. Екінші деңгейдегі банктегі жеке немесе занды тұлғаның ағымдағы шотының  
мәліметтері:

ЖСН/БСН \_\_\_\_\_

бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) \_\_\_\_\_

банк деректемелері \_\_\_\_\_

банк атауы \_\_\_\_\_

банктің сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

жеке сәйкестендіру коды \_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

3. Жер участкесіне құжаттың болуы туралы мәліметтер: жер участкесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының атауы \_\_\_\_\_

— мемлекеттік акт \_\_\_\_\_

(нөмірі және берілген күні, кім берді)

орналасқан орны \_\_\_\_\_

(облыс, аудан, қала (кент, елді мекен))

мекенжайы \_\_\_\_\_

кадастрық нөмірі \_\_\_\_\_

барлық алаңы, гектар \_\_\_\_\_ (оның ішінде егістік, нысаналы мақсаты)

4. Ауыл шаруашылығы өнімін және оны тереңдете қайта өндіру, дайындау, сақтау, тасымалдау, өндіру және өткізу жөніндегі объектіге құжаттардың болуы туралы мәліметтер:

объектінің меншік иесінің атауы \_\_\_\_\_

акт нөмірі \_\_\_\_\_

(нөмірі және берілген күні, кім берді)

орналасқан орны \_\_\_\_\_

(облыс, аудан, қала (кент, елді мекен))

мекенжайы \_\_\_\_\_

кадастрық нөмірі \_\_\_\_\_

нысаналы мақсаты \_\_\_\_\_

5. Сәйкестікті растау жөніндегі орган қол қойған көрсетілген қызметтердің актісі туралы мәліметтер:

сәйкестікті растау жөніндегі органның атауы \_\_\_\_\_

акт нөмірі және күні \_\_\_\_\_

шарттың нөмірі мен күні, оған сәйкес көрсетілген қызметтер актісі жасалған

көрсетілген қызметтердің түрі (атауы) \_\_\_\_\_

көрсетілген қызметтердің жалпы құны, теңгемен \_\_\_\_\_

6. Сәйкестік сертификаты үшін төлемдер бойынша шот-фактуралар туралы мәліметтер:

p/c №	Шот-фактураның нөмірі	Шот-фактураның күні	Көрсетілген қызметтердің түрі (атауы)	Көрсетілген қызметтердің жалпы құны, теңгемен	Сатып алушының ЖСН /БСН-ы және атауы
1	2	3	4	5	6

7. Берілген сәйкестік сертификаты туралы мәліметтер:

# Сәйкестік сертификатын берген сәйкестікті растау жөніндегі органның атауы \_\_\_\_\_

сертификат (сертификаттар) нөмірі және берілген күні \_\_\_\_\_  
сертификаттың (сертификаттардың) қолданылу мерзімі \_\_\_\_\_

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, дұрыс емес мәліметтер ұсынғаным  
үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы  
хабардармын және заңмен қорғалатын қупиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға,  
сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беремін.

---

(көрсетілетін қызметті алушының не оның өкілінің аты, экесінің аты (бар болса),  
тегі, қолы)

Өтініш берілген күн: 20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_"

Ауыл шаруашылығы  
өнімін өндіруді басқару  
жүйелерін дамытуды  
субсидиялау қағидаларына  
2-қосымша

"Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау"  
мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - КР Ауыл шаруашылығы министрінің  
10.10.2022 № 319 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекімен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші )
2	Мемлекеттік қызметті жеткізу тәсілдері	Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтініштерін қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 (он бес) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Субсидияны тағайындау туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бастарту

6	<p>Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген оны алу тәсілдері</p>	<p>Тегін</p>
7	<p>Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат нысандарының жұмыс графигі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні коса алғанда, белгіленген жұмыс графигіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті берушінің <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> интернет-ресурсында;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияның <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a> интернет-ресурсында орналастырылған.</p>
8	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі</p>	<p>1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 5-2/671 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10198 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағида) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтініш;</p> <p>2) органикалық өнімді растауға арналған сәйкестік сертификатының көшірмесі.</p> <p>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және сәйкестікті растау жөніндегі органның электрондық шот-фактураны</p>

		төлеуі туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация жұмыскері "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.
9	Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігінің анықталуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктерін ескере отырып, қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы акпаратты Бірыңгай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар. Тіршілік ету әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылығы бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Мемлекеттік корпорация жұмыскері Бірыңгай байланыс орталығына жүргізу арқылы түрғылықты жеріне бара отырып жүргізеді. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары мемлекеттік органдардың бірыңгай платформасындағы <a href="http://www.gov.kz">www.gov.kz</a> интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңгай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

Ауыл шаруашылығы өнімін  
өндіруді басқару жүйелерін

дамытуды субсидиялау  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысан

## Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20 -бабы 2-тармағын басшылықта ала отырып "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация)

\_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша орналасқан №\_\_\_\_\_ филиалының бөлімі Сіздің 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттардың толық топтамасын, атап айтқанда:

- 1) \_\_\_\_\_;
- 2) \_\_\_\_\_;

бермеуінзеге байланысты "Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Осы хабарлама әр тарап үшін бір-бір данадан 2 (екі) данада жасалды.

---

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)  
Телефоны \_\_\_\_\_

Алдың: \_\_\_\_\_  
(көрсетілетін қызметті алушының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)  
20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау қағидаларына 4-қосымша Нысан

## Субсидияны тағайындау туралы хабарлама

Күрметті \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ №\_\_\_\_\_ өтінішінде бойынша "Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау" мемлекеттік қызмет көрсетілді және Сіздің №\_\_\_\_\_ есептік шотыңызға 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ төлем шотымен \_\_\_\_\_ теңге мөлшерінде субсидия сомасы аударылды.

Ауыл шаруашылығы өнімін

өндіруді басқару жүйелерін  
дамытуды субсидиялау  
қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

## **Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту**

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші "Ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді басқару жүйелерін дамытуды субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуден мынадай

негіздерде: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бас  
тартасты.

Осы бас тарту әр тарап үшін бір-бірден 2 (екі) данада жасалды.

\_\_\_\_\_ (көрсетілетін қызметті берушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖКР РМК